

Мазут және дизель отыны экспортына уақытша тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 қыркүйек N 1412
ЕСКЕРТУ. Қаулы өзгерді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының
1999.12.24. N 1981 қаулысымен. P991981_

Жылыту маусымының басталуына және мазутпен және дизель отынымен
камтамасыз етудің қиын жағдайына байланысты және "Кеден ісі туралы" Z952368_
Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 25 қыркүйектен бастап 2000 жылғы 1 наурызға дейінгі кезеңде
Қазақстан Республикасы аумағынан мазут (ТМД СЭҚ ТН коды (2710 00 710-2710 00
780) әкетуге тыйым салынсын.

1-1. 1999 жылғы 26 желтоқсаннан бастап 2000 жылғы 1 сәуірге дейінгі кезеңде
Қазақстан Республикасының аумағынан дизель отынын (ТМД СЭҚ ТН коды 271000610
-271000690) әкетуге тыйым салынсын. <*>

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 2000
жылғы 1 наурызға дейін мазуттың экспорттық көлемін реттеуді енгізу туралы
Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс жасайтын болсын. <*>

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті осы
қаулының 1-тармағын және 1-1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар
қабылдасын. <*>

4. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері және Қазақстан

Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мазутпен
камтамасыз етудегі істің жай-күйі туралы әр он күн сайын Қазақстан
Республикасының Үкіметіне хабарлап отырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.
<*>

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және
жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК